

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1316 Қаулысы "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 2007 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттар шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервінен 2058170 (екі миллион елу сегіз мың бір жүз жетпіс) теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2007 жылғы 28 желтоқсандағы
N 1316 қаулысына

ҚОСЫМША

Орындауға жататын сот шешімдерінің тізбесі

Р/с N	Сот органның атауы және шешімнің шығарылған күні	Талапкер	Мемлекеттік баж шегерілген сома (теңге)	Мемлекеттік баж (теңге)
1	2	3	4	5
1	Қызылорда қалалық сотының 2002 жылғы 19.07. шешімі, Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі 2002 жылғы 21.08., Қызылорда қалалық сотының 2005 жылғы 20.06. ұйғарымы	Қ.М. Жанаев	750000	
2		Д.Ф. Семилиди		

	Орал қалалық сотының 2004 жылғы 09.11. шешімі, Орал қалалық сотының 2005 жылғы 12.05. ұйғарымы		80588	
3	Тараз қалалық сотының 1997 жылғы 22.07. шешімі, Тараз қалалық сотының 2006 жылғы 14.01. ұйғарымы, Жамбыл облыстық азаматтық істер жөніндегі 2007 жылғы 29.08. қаулысы	П . П . Каралефтеров	124812	
4	Шығыс Қазақстан облысы Бесқарай аудандық сотының 2005 жылғы 04.10 шешімі	М.Т. Аубакиров	50000	
5	Көкшетау қалалық сотының 2007 жылғы 11.04. сырттай шешімі	Е.Қ. Сабдин	780071	
6	Өскемен қалалық сотының 2007 жылғы 18.05. шешімі	Г.А. Казаков А.В. Казакова	122983 129716	
7	Маңғыстау облысы Ақтау қалалық сотының 2002 жылғы 08.05. шешімі, Маңғыстау облысы Ақтау қалалық сотының 2005 жылғы 23.03. ұйғарымы	Л.В. Толстенко	20000	
Жалпы сомасы:		2058170		